

Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 5 наурыз N 1150. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.07.04. N 646 жарлығымен. ~U010649

Қазақстан Республикасында олимпиадалық қозғалысты одан әрі дамыту, спортты басқаруды демократияландыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстанның Ұлттық Олимпиадалық комитетін Халықаралық Олимпиадалық комитеттің ресми танығандығын ескере отырып қаулы етемін:

1. Халықаралық құқық нормаларына сәйкес олимпиадалық спорт түрлері федерациясының жұмысты үйлестіруді және халықаралық спорттық аренада олардың мүддесін білдіруді Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитетіне беру жөніндегі бастамасын қолдау.

2. Жыл сайын спорттық шараларды өткізуге және ұлттық құрама командаларды жасақтауға бағытталған бюджеттік қаражатты бөлу мәселесін Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетімен бірлесе отырып қарауды белгілесін.

3. Олимпиадалық және Азия ойындарына ұлттық құрама командалары сапалы дайындауды қамтамасыз ету үшін Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетімен бірлесе бекіткен спорттық шараларының календарлық жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігіне және басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволарға республикалық мәндегі ("Медеу" спорт кешені, "Шымбұлақ" таулы-спорт базасы, Спорт сарайы, Қазақстан Республикасының орталық стадионы және тағы басқалар) спорт құрылыстарын беруді қамтамасыз ету.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бір ай мерзім ішінде олимпиадалық қозғалысқа жәрдемдесетін Қордың олимпиадалық қозғалысты дамытуға бағытталатын табыс бөлігіне салық салудан босатуға байланысты қазіргі күшіндегі заңдарға өзгеріс енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс дайындасын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне екі ай мерзім ішінде кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға ұлттық құрама командаларды дайындау мәселесін, сондай-ақ Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетінің жұмысын Мемлекеттік қолдау шараларын қарау тапсырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне белгіленген тәртіп бойынша Олимпиадалық, Азиялық ойындарға бару, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитеті арқылы халықаралық спорттық шарттар мен контрактілер (спортшылардың контракт арқылы шетелге шығуын қоса есептегенде) жасау үшін спорт

делегацияларының жүру құжаттарын дайындау тапсырылсын.

7. Қазақстан Республикасының Министрліктері мен ведомстволары, облыс, Алматы және Ленинск қалалық әкімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетіне барынша қолдау көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті